

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
«Балапан» ересек тобы 2021 жыл

Білім беру саласы:	Денсаулық-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-1 Орыс тілі-0,5	Таным-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық-3,5 Музыка-1,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,5 Жапсыру-0,5	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
Өтпелі тақырып:	Өтпелі тақырып «Менің отбасым» Мақсаты: Отбасы, ана, әке, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің міндеттері туралы; отбасындағы жағымды өзара қарым қатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.				
Жасы	Ересек топ / 4-5 жас/ I жарты жылдық				
Айы, жылы:	Қазан айы				
Оқу мақсаты: Үлгілік оқу бағдарламасы	Денсаулық сақтау технологиясын қолданып, ойындар мен жаттығулар арқылы денешынықтыруға қызығушылықты, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру болып табылады.	Ересектермен және балалармен еркін қарым - қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, орыс тілін және басқа тілдерді үйрету, көркем әдебиетке қызығушылыққа баулу; балалардың шығармашылық белсенділігін және бастамашылдық танытуын дамыту болып табылады.	Коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.	Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялды, байқағыштықты және қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білуді, өз ойларын, сезімдерін көркем түрде бере білу біліктерін қалыптастыру болып табылады.	Ересектермен және құрдастарымен қарым- қатынас жасауда, қоршаған ортамен таныстыру негізінде әлеуметтік дағдыларын дамыту және қалыптастыру болып табылады.

<p>Гапта</p>	<p>Дене шынықтыру Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстімен бір жанымен адымдап жүру. Қос аяқпен жіптің үстімен жүру, допты екі қолмен кеуде тұсынан асыра лақтыруға дамыту. Дене шынықтыру Мақсаты: Балаларға тізені жоғары көтеріп жүруге үйрету. 1,5 мин демалыссыз жүгіруге жаттықтыру. Допты оң және сол аяқпен айналдыру, оң және сол қолмен дағдыларын дамыту. Секіру шеберлігін қалыптастыру. Дене шынықтыру Мақсаты: Спорттық дағдыларды ойын түрінде орындауды бекіту, негізгі циклдік жаттығулар (жүгіру, жүру, бір опыннан секіру, алға ұмтыла қос аяқпен секіру, дәлдеп лақтыру, сапқа тұру және қайта сапқа тұру, шенбер құру)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «З» және «С» дыбыстары Мақсаты: «З» және «С» дыбыстарын дұрыс, анық айтады. Ізгі сөздерді күнделікті айтып жүреді. (Сәлеметсіз бе! , Сау болыңыз!). Артикуляциялық жаттығуларды жасайды, Көркем әдебиет Тақырыбы: «Отбасымдағы сыйластық» Мақсаты: Отбасы мүшелерін біледі. Өз отбасы туралы әңгімелейді.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: Ісаны мен цифры Мақсаты: 1 цифр, сан таңбасын таниды. Жазды, өзге сандардың арасынан таба алады. Құрастыру Тақырыбы: Көп қабатты үйлер Мақсаты: Көп қабатты үйлер мен ғимараттар туралы біледі. Үлгі бойынша құрастыра алады. Жаратылыстану Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері . Алоэ және аспидистра Мақсаты: Топтағы алоэ және аспидистра өсімдіктерін таниды, біледі. Өсімдіктің өсуіне жарық, ылғал, ауа керек екенін түсінеді.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Орамалды әшекейлеу Мақсаты: Үшбұрыш орамалды кошқар мүйіз оюымен әшекейлейді. Музыка (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>	
---------------------	--	---	---	--	--

<p>II апта</p>	<p>Дене шынықтыру Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстінен тізені жартылай бүгіп секіруге үйрету. Допты лақтыруға жаттықтыру, кедергінің арсынан төрт тағандап еңбектеуге, спортқа деген қызығушылығын артыру.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Балаларды аяқтың ұшымен жүруді, өкшемен жүруге, жүгіру 1,5 минутқа жаттықтыру. Доппен ойын жаттығуын жасату арқылы дамыту. Ойын жаттығулары арқылы, жүгіру, секіру дағдыларын жақсарту</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығуды жетілдіру балалардың кірпіште жүруін қадағалау құрсаудан – құрсауға (обруч) секіру орындық арқылы жаттықтыру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Кішкентай бағбан әңгіме (М. Төрежанов) Мақсаты: Мәтін бойынша әңгімелейді. Өз ойын жеткізе алады. Еңбек туралы мақал біледі.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шалқан» орыс халық ертегісі (көлеңке театры) Мақсаты: «Шалқан» ертегісін біледі. Көлеңке театры арқылы сахналайды. Сахналау кезінде қимылдарды әуенмен жасайды.</p> <p>Орыс тілі (орыс тілі пәні мұғалімінің жоспары бойынша)</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: 1 саны және цифры. Тез баяу. Үшбұрыш Мақсаты: 1 цифрын заттың санымен сәйкестендіреді. Тез баяу ұғымдарға мысал келтіреді. Үшбұрыш пішінді таниды, ұқсас заттарды айтады.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: Дәрумендер әлеміне саяхат Мақсаты: Көкөністер мен жемістерде қандай дәрумендер бар екенін біледі. Дәрумендер адамға әкелетін пайдасын айтады.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Дәмді көкөністер Мақсаты: Үлгіге қарап қияр мен қызанақтың суреттерін сала алады. Көкөніске тән түстерді тандайды.</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: Бакшадағы қызанақ пен қияр Мақсаты: Ермексазды алақан арасына салып есіп, домалатып мүсіндейді. Көкөністерді жуып жейді.</p> <p>Жапсыру Тақырыбы: Банкадағы қияр мен қызанақ Мақсаты: Шаршыдан шеңбер, тіктөртбұрыштан сопақша қиып банкаға жапсыруды біледі. Адам ағзасына пайдасын айтады.</p> <p>Музыка (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>	<p>Қоршаған ортамен таныу Тақырыбы: Күзгі еңбек Мақсаты: Бау бакшадағы еңбек түрлерін біледі. Жинайды, қосытады, тазалайды сөздерді қолданып әңгіме құрастырады.</p>
-----------------------	---	--	--	--	---

<p>III апта</p>	<p>Дене шынықтыру Мақсаты: Балаларға жүруде, жүгіруде қойылған кедергілерден аттап өтуге жаттықтыру. 2 мин. дейін тоқтамай жүгіруге, спорттық оындарға қызығушылығын арттыру: бадминтон, футбол бол ойындарын секіру жаттығулармен ұштастару. Дене шынықтыру Мақсаты: Балаларды аяқ ұшымен, өкшемен жүру кезінде, денесін тік ұстап жүруге, жаттығуларды тиянақты орындауға жаттықтыру. Шапшандыққа, күштілікке, шыдамдылыққа жетілдіру Дене шынықтыру Мақсаты: Балаларды төрт аяқтап еңбектеп жүріп алдындағы кедергілерден дұрыс өтуге үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде жүріпкеліп, ортасында тоқтап бұрылуға дамыту.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Біз тұратын көше Мақсаты: Өздері тұратын көшені, жол бойындағы белгілерді біледі, айтады. Суретке карап әңгімелеп береді. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бағдаршам» өлеңі. С. Дүкенбай. Мақсаты: Өлеңді тыңдап, жаттап айтады. Не туралы екенін біледі. Жолда жүру ережесін сақтайды.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: 2 саны мен цифры. Қысқа ұзын. Сопақша Мақсаты: 2 саны мен цифрын біледі. Ұзындығына карай (қысқа ұзын) салыстырады. Геометриялық пішіндер арасынан сопақшаны тауып алады, атайды. Құрастыру Тақырыбы: Көпір (ұжымдық) Мақсаты: Құрылыс материалдарынан көпір құрастыра алады. Көлемі, түсі, пішінін ажыратады. Ұжыммен жұмыс жасайды. Жаратылыстану Тақырыбы: Жолда жүру ережесі Мақсаты: Жолда жүру ережелерін біледі. Бағдаршам, оның түстерін ажыратып айтады.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Бағдаршам» (Заттық сурет салу) Мақсаты: Бағдаршам туралы біледі. Дөңгелек пішінді салып, түстерін бояйды. Музыка (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>	
-----------------	---	--	--	---	--

<p>IV апта</p>	<p>Дене шынықтыру Мақсаты: Балаларды 1,5 минут жәй жүгіруге, секіруге жаттықтыру. Ойын жаттығуларын кішкене заттармен, доптармен жасауға жетілдіру. Аяқтың ұшымен, өкшемен, аяқ сыртымен жүруге үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Сапқа тұру барысында бағдар бойынша ша секіріп теңелу: оңға, солға айналу, бұрылыстар жасауды біледі. Сапта бір-бір леп жүру, жүруді жүгіру мен, секіру мен кезектестіруді біледі.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақ тап бөрене үстімен жүре алады. Белгі бойынша допты домалатып, оны қуып жетеді. Ойындарды ойнайды және жаттығуларды орындайды. Ұжым болып әрекетете біледі</p>	<p>Сойлеуді дамыту Тақырыбы: Әйгерім дастарханды әзірлеп жатыр. Мақсаты: Дастархан әзірлеуді біледі. «Нан дастарханға қалай келеді?» деген сұраққа жауап береді. Нан туралы тыйым сөздерді жатқа айтады.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: Күзде (өлең) I. Байжұманова Мақсаты: Күз мезгілі туралы біледі. Өлеңді тындап, жатқа айтады.</p> <p>Орыс тілі (орыс тілі пәні мұғалімінің жоспары бойынша)</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: 2 цифры. «Жақын алыс» ұғымдары Мақсаты: 2 цифрын өзге цифрлардың арасынан табады. Затпен санды сәйкестендіреді. «Жақын алыс» ұғымдарына мысалдар келтіреді.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: Алтын күз келді Мақсаты: Күз мезгіліндегі өзгерістерді айтады. Серуенде бақылайды.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Ас атасы нан (триз тәсілі) Мақсаты: Саусақты бояуға батырып, дөңгелетіп бауырсақ сурет салады. Тыйым сөздерді жатқа айтады.</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: Тәтті бауырсақ Мақсаты: Нан түрлерін біледі. Ермексазды дөңгелетіп бауырсақтар жасай алады.</p> <p>Жапсыру Тақырыбы: Бауырсақ Мақсаты: Шаршыдан дөңгелектер қиып алады, жапсырады. Қайшымен жұмыс жасау барысында қауіпсіздік ережесін сақтады.</p> <p>Музыка (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Нан түрлері. Бутерброд жасап үйренеміз Мақсаты: Нан түрлерін біледі. Бутербродты жасай алады. Тағам жасау кезінде тазалықты сақтайды. Өздері жасаған бутербродты дастарханға қойып ойындар ойнайды.</p>
-----------------------	---	---	---	---	--

<p>Күтілетін нәтиже: Үлгілік оқу бағдарламасы</p>	<p>Допты қақпаға дома - лата алады. Допты қос қолдап лақтыра алады. Допты қолында ұстап, қос аяқпен секіреді. Кедергілер арасымен жүріп, допты домалатады. Түзу, ирек жолдармен жүгіреді, тепе-теңдік сақтап жүреді. Едендегі арқан –нан секіреді.</p>	<p>«З» және «С» дыбыстары анық айтады</p> <p>Әңгіме құрастырады</p> <p>Нанның дастарханға келу жолың біледі</p> <p>Ертегіні айтады, сахналайды</p>	<p>1. 2 цифрын біледі.</p> <p>Сан мен затты сәйкестендіреді</p> <p>Үлгіге қарап құрастырады.</p> <p>Жолда жүру ережесін біледі.</p>	<p>Триз тәсілден сурет салады</p> <p>Ермексазбен мүсіндейді</p> <p>Қайшымен жұмыс жасайды</p> <p>Қауіпсіздік ережесін сақтайды</p>	<p>Өз отбасы туралы әңгімелеп береді.</p> <p>Нан түрлерін біледі.</p>
<p>Индикаторлар мен күтілетін нәтижелер</p>	<p>Тәрбиешінің берген бұйрығы бойынша жұмыс жасайды. Кедергілер арасымен жүріп, допты домалатады. Едендегі арқаннан секіреді. Түзу, ирек жолдармен жүгіреді, тепе-теңдік сақтап жүреді.</p>	<p>Қысқа әңгімелерді және ертегілерді мазмұндайды, заттармен құбылыстардың белгілерімен сапасын ажыратады;</p> <p>Өлеңдерді саналы, эмоционалды түрде жатқа айтады;</p> <p>Ертегі кейіпкерлеріне жанашырлық танытады.</p>	<p>ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыруды біледі; оң және сол қолдарын ажырата алады.</p> <p>Құрылыс материалдарының бөліктерін біледі және атайды, оларды түрлі тәсілдермен орналастырады;</p> <p>Табиғаттың сипаттық маусымдық өзгерістерін анықтайды және атайды;</p>	<p>Төртбұрышты пішіндегі заттарды, оларды дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп бейнелей алады;</p> <p>Алақанға салып тік және дөңгелетіп есе біледі;</p> <p>Ұқыпты жұмыс жасай алады: желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты пайдаланады.</p>	<p>Отбасы мүшелері туралы әңгімелейді, оларға өзінің қарым-қатынасын білдіреді;</p>